


**ОРЫНДАЛҒАН ПАРЫЗ**

**ИСПОЛНЕННЫЙ ДОЛГ**

**БЕТПАҚДАЛАНЫ ЗЕРТТЕУ**

**ИССЛЕДОВАНИЕ БЕТПАҚДАЛЫ**



Елін, жерін шексіз сүйген Кәрім Мыңбаев үлкен ғалым болғаннан кейін қазақтың кең даласын, әсіресе Бетпақдаланы гүлдендіруді армандайды. Осы арада Кәрім неге Бетпақдаланы гүлдендіруге күштар болды деген сауал туады. Оның жауабын алдымен Кәрімнің балалық шағынан іздеу орынды.

Зерек те зерделі өсіп келе жатқан бала Кәрім Бетпақдаланы алғаш рет 1918 жылы көрген.

Кәрімнің жазуы бойынша ағасы Тұрысбек Ақмолада Кеңес өкіметін орнату үшін күресте колчакшылардың қолына екі рет тұтқынға түседі. Алғашқыда қашып шығып туған ауылына келіп паналайды. Бірақ бостандық ұзаққа созылмады, бірнеше айдан кейін ақгвардияшылар оны біліп қойып, іздеп келіп ауылдан ұстап әкетеді. Тұрысбек пен оның достарын колчакшылардың қарапайым халыққа жасаған жауыздығына қарсы көтерілген Ақмоланың жұмысшылары мен шаруалары түрмеден босатып алады. Бірақ бұл уақытша ғана мүмкіндік еді. Колчак билігі Қазақстанның орталық және солтүстік бөлігінде әлі де мықты болатын. Сондықтан Тұрысбек Кеңес билігі орныққан Түркістан өңіріне кетуді жөн санайды. Ағасы өзімен бірге алыс жолға бірнеше адаммен бірге жасөспірім Кәрімді ала шығады. Сарысудан шығып, Айнабұлақ деген жерде аттарын түйеге айырбастап алады. Өйткені сусыз, шөл далада шыдамды көлік түйе ғана болатын. Қашқындар Тама руының күзгі көшіне ілесіп Бетпақдаланы кесіп өтуге кіріседі. Жол ұзақ та ауыр болды. Көш күніне 25-30 шақырым ғана жол жүретін. Өйткені шөлге шыдамды деген түйелердің өзі, жүк артқан соң және қарлы жаңбырлы күзгі ауыр жолдан қалжырайтын. Жолда сирек кездесетін құдықтар мен шағын су көздері бар жерде дамылдап отырды. Осылайша Тұрысбек серіктерімен екі аптадай жол жүріп Шу аңғары мен Мойынқұмды кесіп өтіп Әулиеатаға (*Тараз*) жетеді. Кәрім өзінің кітабында өзінің елінде Бетпақдаладай «қарғыс атқан», адам өмір сүруі мүмкін емес жері бар екеніне балалық көңілмен қатты қиналып қайғырғанын, кей сәттерде жылағанын да жазады.

Осы сүреңсіз шөл дала туралы балалық өшпес әсер Кәрімнің есінде мәңгі сақталып, осы жерді халқының құтты қонысына қалай айналдырсам деген арманы өмір бойы бір сәт есінен шықпады.

Филология ғылымдарының докторы, алаштанушы Айгүл Ісімақованың пікірі бойынша Әлихан Бөкейханов кезінде Қазақстанның қай жері құнарлы, қай жері мал өсіруге, егін егуге жарамды, жер асты, жер үсті байлығы қандай екендігі туралы тұңғыш ғылыми еңбек жазған қазақ. Оның бұл зерттеулері әлі мамандардың қолына жеткен жоқ. Бұл еңбектер Ресейдің ғылыми мұрағаттарында жатыр. Оны зерттеп, ғылыми қажеттерімізге жарату болашақтың ісі.

Ауыл шаруашылғы саласының маманы болғандықтан және 20-30 жылдары осы сала бойынша білім алып, кітапханаларда ғылыми еңбектер ақтарған Кәрім Мыңбаев Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхановтың ол кезде әлі тыйым салына қоймаған еңбектерімен таныс болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар осы салада жазылған Әлихан Бөкейхановтың ғылыми мақалалары мен еңбектері сол кездегі қазақ зиялыларының қолдарында да болды.

Сәкен Сейфуллин өзінің «Ақсақ киік» өлеңінде Бетпақдаланы әсерлі суреттейді:

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,

Бетпақ – шөл, ойлы-қырлы панасы бар.  
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген.  
Жәндіктің киік деген баласы бар.

Бетпақта қысы-жазы ел болмайды,  
Ел жайлау, өзен яки көл болмайды.  
Бұтасы қу баялыш, қара жусан,  
Көгала бетегелі бел болмайды.

Бетпақтың көлденеңі сегіз көштік,  
Сайланып қыс ішінде талай көштік,  
Азамат, ат пен айғыр, атан ғана,  
Шыдар деп қоста отырып, талай дестік...

Ғалымдардың пікірінше шөлді жерді игеру, шөлейттену әлемдік деңгейде бұрын да, қазір де және болашақта да болатын жаһандық табиғи өзгерістердің қатарына жатады. Ол - циклдық өзгерістердің туындысы. Оның әрі қарай дамуы, күрделенуі адамның іс-әрекетімен байланысты. Адамдар өмір сүргелі 15-19 млн. гектар жер құмға, батпаққа, жыра мен сайға, бұта басқан алқапқа айналуға.

Қазақстанның алып жатқан географиялық орны 4 табиғи аймақты қамтиды: орманды дала, дала, шөлейт, шөл. Кезінде мұндай аймақтың қалыптасуын В.В. Докучаев, Л.С. Берг сияқты ұлы ғалымдар зерттеген болатын.

Енді Кәрім Мыңбаевтың шөлді зерттеуге кірісуін әңгімелеуден бұрын және мәселенің байыбына бару үшін, қазіргі ғылымның Қазақстанның шөлді, құмды аймақтары туралы жалпы деректеріне назар аударайық.

Құмды шөлдер бүкіл шөл аймағының үштен біріне жуығын алып жатыр. Құмдар Қазақстанның өте үлкен аудандарын (Қызылқұм, Сарыесік Атырау, Мойынқұм, Үлкен және Кіші Борсыққұм) алып жатыр. Мұндағы құмдар ондаған мың жылдар бұрын осы жердегі өзендер мен көлдердің орнында пайда болған. Кейін желдің әрекетінен бұл құмдардан шағылдар, қырқалар, төбелер түзілген. Шөлді аймақтарда сонымен қатар тақыр топырақтар мен ақ сортаң жерлер де тараған. Құмға су жақсы сіңеді және одан аз буланады. Әдетте, тек құмның беткі қабаты ғана құрғайды, ал оның астыңғы қабаттары әруақытта ылғалды келеді.

Академик Әлия Бейсенованың дерегіне қарағанда қазіргі Қазақстан жерінің 100 пайыздық өлшеммен алғанда 23 пайызы шөл және шөлейтті аймақ, 12 пайызы полигон аумағы, 10 пайызы таудың жыралары мен төбелері екен.

Сазды шөлдер құмды шөлдердің арасында немесе сорларға жапсарлас жатады. Ең ірі сазды шөл - Үстірт, Бетпақдала және Сырдария өзенінің оңтүстік жағалары. Үстірттің ойпаң жерлерін тұзды көлдер, сор, сортаң және тақыр алып жатыр.

Тастақ немесе тасты шөлдер Қазақстанда онша көп емес. Мұндай шөлдер Сарыарқаның оңтүстігінде, Бетпақдаланың шығысында кездеседі.

Шөл далада аз ғана тереңдікте ішуге жарайтын еспе суы жатады. Көшпелі құмдарда топырақ жамылғысы жоқ дерлік. Топырақ қабаты қырқалар мен төбелерде, борпылдақ құмды қырқалардың аралығында, қазан шұңқырлар мен жазық жерлерде құмайтты, қоңыр және сұр қоңыр топырақты болып келеді. Еспе суы жер бетіне таяу жерлерде дәнді дақылдар менбақша дақылдарын егуге болады.

Кәрім Мыңбаев студенттік кезінде Берг, Шмидт, Вальтель, Селевина, Коровин, Кошқаров және басқа ғалымдардың әлемдегі шөл және шөлейт далалар туралы еңбектерін құныға оқып, оларды ойша өзінің Бетпақдаласымен салыстыратын және шөл даланы гүлдендіруді армандайтын. Кейін танымал ғалым болып, мемлекеттік қызметте жүргенде осы арманын қайтсем жүзеге асырамын деген ойынан бас тартпайды. Сол кездегі республика басшылығында болған қазақ азаматтары да ғалымның бұл ойын қолдайды. Әрине бәрі оңынан келіп бірден қолдау тапқан жоқ.

Мәселен, Бетпақдалаға ғылыми экспедиция ұйымдастыру мәселесі Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінде талқылану кезінде министрдің бір орынбасары Кәрім Мыңбаевқа: «Сіздің Бетпақдалада қаңғитын тәжірибе станцияңыз республикаға қандай пайда келтіре алады?», - деп мысқылдайды. Кәрім Мыңбаев оған: «Бұл тәжірибе станциясы бұрын ешкім көрмеген, ойламаған көлемде шаруашылыққа қыруар пайда келтіреді», - деп жауап берген.

Кәрім Мыңбаев замандастарына айтады екен, егер Бетпақдала өмір сүруге жарамсыз, қолайсыз болса мыңдаған киіктер сол шөл далада қалай тіршілік етеді? Қалай жайылым тауып, сол шөлде тіршілік етеді?

Осындай сұрақтар ғалымның тынышын таптырмай ақыры оны тыңғылықты зерттеу сапарына алып шығады.

Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза «Егемен Қазақстанда» жазған мақаласында ғалымның Бетпақдаланы зерттеу барысында ашқан жаңалықтарына ерекше көңіл бөледі:

«Кәрім Мыңбаев бастаған экспедиция Бетпақдаланы 1947 жылдың жазында ары да, бері шарлап шығып, зерттейді. Сөйтсе, «көкпектен басқа шөбі жоқ» дейтін Бетпақдалада неше алуан шөп өседі екен: баялыш та осында, изен де осында, бозжусан да бар. Еркек, ақселеу, ебелек, күйреуік, теріскен, қараған, ақ ши... Тіпті тораңғы деген көлеңкесі көлдей, бұтақтары шаңырақтай ағаштар өсетінін қайтерсің...

Осының бәрін өз көзімен көріп, өз қолымен ұстаған Кәрім Мыңбаев:

- Бұл Бетпақдала емес!

- Бұл Бақдала! - деп бар әлемге жар салды.

Бақдалада миллиондаған мал өсіруге болады. Мол өнімді егін салуға болады. Ала білген адамға даланың асты шалқыған теңіз!».

Кәрім Бетпақдаланың астында судың мол қоры бар екенін болжап білген, сол суды жүздеген құдықтар арқылы жердің бетіне шығаруды мақсат еткен. Өттең, оны іске асыруға өмірі жетпеді...

Кәрімнің бұл болжамын кейінірек ғалым Уфа Ахмедсафин қуаттап, Бетпақдаланың асты телегей теңіз деген жаңалық ашты.

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов пен үкімет басшысы Нұртас Ондасынов қолдап, Мәскеуден тиісті қаржы бөлгізіп Кәрім Мыңбаевты экспедицияға жөнелтеді. Осылайша Кәрім Мыңбаев Бетпақдала шөліне 1947 жылы тамыз-қыркүйек айларында арнайы экспедиция ұйымдастырып шөлді аймақты жан жақты зерттеуге кіріседі.

Карим Мынбаев, бесконечно любивший свою родную землю, всегда мечтал, что, когда станет большим ученым, приложит все усилия, чтобы казахская степь, и особенно Бетпақдала, преобразилась и расцвела. Ответ на вопрос, почему он так сильно желал этого, следует искать в детстве ученого. Карим впервые увидел Бетпақдалу в 1918 году, в двенадцатилетнем возрасте.

В своих письменных свидетельствах Карим Мынбаев вспоминал, что его брат Турысбек в ходе борьбы за установление советской власти в Акмолинске был дважды пленен колчаковцами. В первый раз ему удалось бежать и найти приют в родном селе. Однако свобода продлилась недолго: через несколько месяцев белогвардейцы узнали о его местонахождении и вновь взяли в плен. Спустя некоторое время рабочие и крестьяне Акмолинска, восставшие против жестокого обращения колчаковцев с людьми, освободили Турысбека с друзьями из тюрьмы. Но это была лишь временная передышка. В центральной и северной частях Казахстана власть Колчака была по-прежнему сильной. Поэтому Турысбек принимает решение уехать в Туркестан, где тогда уже установилась Советская власть. Отправляясь в дальнюю дорогу с небольшой группой людей, он берет с собой и младшего брата – подростка Карима. Пройдя реку Сарысу, в местности Айнабулак они пересаживаются с лошадей на верблюдов. В условиях пустыни только верблюды были надежным средством передвижения. Присоединившись к осеннему кочевью рода Тама, беглецы начинают пересечение Бетпақдалы. Дорога была долгой и тяжелой. В день кочевье проходило всего 25-30 километров пути, поскольку навьюченные верблюды сильно уставали от снежной и дождливой осенней распутицы. На привал останавливались у редких колодцев и попадавших в дороге небольших источников воды. Так Турысбек со своими попутчиками, проведя две недели в дороге и миновав Шуйскую (*Чуйскую*) долину и Мойынкумы, добрался до Аулиеаты (*ныне –г. Тараз*). В своей книге Карим писал, что он «иногда плакал, по-детски сильно переживая, что в его стране есть такая «проклятая» и непригодная для жизни земля, как Бетпақдала».

В памяти Карима навсегда осталось неизгладимое детское впечатление об этой суровой пустыне. Мечта о том, чтобы превратить ее в благодатную для народа землю, не покидала его всю жизнь.

По словам доктора филологических наук, алашоведа Айгуль Исмаковой, Алихан Бокейханов в свое время стал первым казахом,

написавшим научный труд о плодородных землях, пригодных для скотоводства и земледелия, и богатстве недр Казахстана. Эти его работы еще не стали объектом исследования специалистов. Они хранятся в научных архивах России. Мы должны их изучить и использовать в своих научных интересах.

Вполне вероятно, что Карим Мынбаев, будучи ученым-аграрником, получившим профессиональное образование в этой области и много работавшим в библиотеках, был знаком с этими трудами лидера движения Алаш Алихана Бокейханова, которые тогда еще не были под запретом.

Кроме того, многие представители казахской интеллигенции того времени были осведомлены о научных статьях Алихана Бокейханова, написанных по этой теме.

Сакен Сейфуллин пронзительно описывает Бетпакдалу в своем стихотворении «Раненая сайга»:

В Арке есть угрюмая местность – Бетпак.  
В холмистой пустыне, в безводных степях  
От века никто не селился,  
Сайга лишь встречается в этих краях.

Безводная степь без озер и без рек,  
Недаром ее невлюбил человек.  
Растет баялыш рядом с черной полынью,  
Других же растений не сыщешь вовек.

Не раз нам случилось Бетпаком идти,  
Широк – восьмидневному равен пути.  
Развьючив верблюдов, мы в юрте походной  
О нем разговор принимались вести.

По мнению ученых, опустынивание земель относится к числу глобальных природных изменений, происходивших во все времена. Это производная циклических климатических изменений. Дальнейшая динамика, усложнение этого процесса связано с антропогенной деятельностью. С момента появления человека на планете более 21 миллиона квадратных километров земли стали песчаными или болотистыми.

Территория Казахстана включает 4 природные зоны: лесостепь, степь, полупустыню и пустыню. В свое время формирование природных зон региона изучали такие выдающиеся ученые, как В.В. Докучаев и Л.С. Берг.

Прежде чем говорить о том, как Карим пришел к необходимости исследования пустыни, и чтобы глубже разобраться в вопросе, обратим внимание на общие данные современной науки о пустынных, песчаных регионах Казахстана.

Песчаные пустыни занимают почти треть всей пустынной зоны. Пески охватывают очень большие площади Казахстана (*Кызылкум, Сарыесик*

*Атырау, Мойынқум, Большой и Малый Барсуққум*). Они возникли десятки тысяч лет назад на месте рек и озер. Под воздействием ветра из этих песков образовались барханы, плоскогорья, возвышенности. Вместе с тем в пустынных районах сформировались голые и солончаковые почвы. Вода хорошо впитывается в песок и медленно испаряется из него. Как правило, высыхает только поверхностный слой песка, тогда как нижние всегда остаются влажными.

По данным академика Алия Бейсеновой, из всей территории современного Казахстана 23% составляют пустыни и полупустыни, 12% – полигоны, 10% – горы, овраги и холмы.

Глинистые пустыни располагаются между песчаными пустынями или соседствуют с солончаками. Крупнейшие глинистые районы – плато Устюрт, Бетпақдала и южное побережье Сырдарьи. Низменную часть плато Устюрт занимают соленые озера, почва там голая, солончаковая.

Каменистых пустынь в Казахстане немного. Они встречаются к югу от Сарыарки и к востоку от Бетпақдалы.

В пустыне на небольшой глубине есть источники воды, пригодной для питья. Зыбучие пески почти не имеют почвенного покрова. Почвенный слой на склонах и холмах, между рыхлыми песчаными гребнями, в котловинах и на равнинах представляет собой песчаные, бурые и серо-бурые почвы. На участках, где грунтовые воды располагаются близко к поверхности, можно сеять зерновые и бахчевые культуры.

В студенческие годы Карим Мынбаев детально изучал труды Берга, Шмидта, Вальтеля, Селевиной, Коровина, Кошкарова и других ученых о пустынных и полупустынных степях в мире, мысленно сравнивал их с Бетпақдалой и мечтал о ее преобразении. Уже будучи известным ученым и находясь на государственной службе, он не отказался от этой мечты. Находившиеся в то время во главе республики люди, казахи по национальности, также поддерживали идею ученого. Конечно, не все получалось сразу.

Например, во время обсуждения в Министерстве сельского хозяйства Казахской ССР вопроса о научной экспедиции в Бетпақдалу один из заместителей министра спросил у Карима: «Какую пользу может принести республике ваша опытная станция в Бетпақдале?». На что Карим ответил: «Эта опытная станция принесет хозяйству огромную пользу, о которой раньше никто не мог и помыслить».

Карим Мынбаев задавался вопросом: если Бетпақдала непригодна для жизни, то каким образом в этой пустыне обитают тысячи сайгаков, как они находят там пропитание? Это не давало покоя ученому и в конце концов сподвигло его к обстоятельной исследовательской экспедиции в Бетпақдалу.

В статье, опубликованной в газете «Егемен Қазақстан», Шерхан Муртаза уделяет особое внимание открытиям ученого, сделанным в ходе изучения Бетпақдалы. Он пишет: «Летом 1947 года экспедиция во главе с Каримом Мынбаевым полностью объездила Бетпақдалу. В пустыне, в которой, как раньше думали, растет только лебеда, были обнаружено

несколько видов растений: это и солянка деревцевидная, и кохия, и полынь сантолиновая. А также житняк гребенчатый, селин перистый, рогач, солянка корявая, крашенинниковия, карагана, чий блестящий... Даже растет дерево туранга (*тополь сизолистый*) с огромной кроной...

Увидевший все это своими глазами Карим воскликнул: «Это – не Бетпақдала, это – Бақдала (каз. «Бақдала» – «Благодатная степь»)). В Бақдале можно разводить скот, исчисляемый миллионами. Можно получать богатые урожаи. Она предоставляет неисчерпаемые возможности тому, кто сможет ими воспользоваться».

Карим Мынбаев предсказал, что под Бетпақдалой есть огромные запасы воды. Он ставил целью через сотни колодцев вывести воду на поверхность земли. К сожалению, Карим Мынбаев не успел реализовать задуманное. Позже ученый Уфа Ахмедсафин обнаружит под Бетпақдалой значительные объемы воды.

Первый секретарь ЦК Компартии Казахстана Жумабай Шаяхметов и глава правительства Нуртас Ондасынов поддержали Карима Мынбаева и отправили его в экспедицию, получив для этого необходимые средства из Москвы. Таким образом, в августе-сентябре 1947 года Карим Мынбаев организовал специальную экспедицию в пустыню Бетпақдала и начал ее всестороннее изучение.



**Кәрім Мыңбаев Бетпақдала экспедициясы командасымен бірге**

**Карим Мынбаев с членами экспедиции в Бетпақдалу**





**Кәрім Мыңбаев Бетпақдала экспедициясында**

**Карим Мынбаев экспедиции в Бетпақдалу**



**Кәрім Мыңбаев Бетпақдала экспедициясы командасымен бірге**

**Карим Мынбаев с членами экспедиции в Бетпақдалу**



**Кәрім Мыңбаев Бетпақдала экспедициясы командасымен бірге**

**Карим Мынбаев с членами экспедиции в Бетпақдалу**



**Кәрім Мыңбаев Бетпақдала экспедициясы командасымен бірге**

**Карим Мынбаев с членами экспедиции в Бетпақдалу**

Бұл экспедицияға ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты В.Матвеев, инженер-гидротехник - В.Рануткин, агроном - Х.Ибраев, топырақтанушы (почвовед) - И.Бесполудинов, дәрігер - Н.Ионов, радист - М.Карачев, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі - А.Омелин, жоспарлаушы - А.Витко, фотограф - Я.Калачев және М.Жаворонков, Н.Серенко, А.Дависенко, А.Жарылғапов, В.Усманов, В.Герасимов сияқты аспаз, механик, жүргізушілер сияқты адамдар қатысты. Экспедицияның жол бастаушысы атақты мерген Рамазан Бегалиев болды.

Экспедиция Шу станциясы маңынан шығып, Мойынкүмды, бүкіл Бетпақдаланы аралап, жол бойы кездескен өсімдіктер мен жануарлар түрлерінен басқа, топырақтың құрамын, құдықтар мен бұлақтардан шыққан судың ас суға, мал суаруға жарайтын қасиеттеріне дейін зерттеп, осы жерлердегі бұрынғы қазылған құдықтар, арықтар, көмбелермен жергілікті қазақ тайпалары мен руларының этнографиялық тарихи өмірімен бірге мал және егін шаруашылығымен айналысқандары түгел зерттелді.

Осы арада Кәрім Мыңбаевтың ойға алған ісінің табысты болуына көп септігін тигізген, экспедицияға жолбастаушы болған жергілікті аңшы, Рамазан мерген туралы айту орынды. Осы аты аңызға айналған тамаша адамның өмірі туралы қарағандылық жазушы Сәбит Бексейіт кітап жазды. Кезінде қазақ мергенінің ғажап ізшілдігі, таланты туралы кеңестік орталық басылымдар мен қаламгерлер де жазыпты.

Кәрім Мыңбаев Бетпақдалаға бірнеше рет ат ізін салған. Сол сапарларының бірінде ол әйгілі аңшымен танысып, дос болады. Ол өңірді Рамазан мергеннен артық білетін пенде жоқты. Аңшы 85 жыл өмірінің 70 жылын ат үстінде, аңшылықпен, Мойынкүмды, Бетпақдаланы, Сарыарқаны аралаумен өткізген. Мамыр-маусым айларында ол үйімен Мұңлы-Құлы тауларының бөктерінде, Көктас өзенінің бойларында отырған. Аңшы өзін іздеп келіп, аң аулап құмардан шығамын деген адамды батыста Жетіқоңырдан бастап, шығыста Болат тауына дейін, түстікте Шу өзенінен бастап, терістікте Сарысуға дейін аралататын.

В эту экспедицию вошли: кандидат сельскохозяйственных наук В.Матвеев, инженер-гидротехник – В.Рануткин, агроном – Х.Ибраев, почвовед – И.Бесполудинов, врач – Н.Ионов, радист – М.Карачев, корреспондент газеты «Казахстанская правда» – А.Омелин, планировщик – А.Витко, фотограф – Я.Калачев, а также механики, повара, водители – М.Жаворонков, Н.Серенко, А.Дависенко, А.Жарылғапов, В.Усманов, В.Герасимов. Старт экспедиции со станции Шу дал известный охотник Рамазан Бегалиев.

Экспедиция исследовала Мойынкум, объехала всю Бетпақдалу, изучив состав почвы, свойства пригодной для питья воды в колодцах и ручьях, водопой для скота, арыки, захоронения в этих местах, этнографический быт местных казахских родов, локальные методы ведения животноводства и земледелия.

Здесь уместно более подробно поговорить о местном охотнике Рамазане мергене (каз. «мерген» – «снайпер», «стрелок»), который был гидом экспедиции, что очень способствовало успеху задуманного Карим Мынбаевым дела. Карагандинский писатель Сабит Бексеит издал книгу о жизни этого легендарного человека. В свое время о незаурядной доблести, таланте казахского снайпера писали советские центральные издания и писатели.

Карим Мынбаев неоднократно бывал в Бетпақдале. В одну из своих поездок он познакомился и сдружился со знаменитым Рамазан мергеном, самым лучшим в этом регионе охотником. Из 85 прожитых лет 70 он провел верхом на лошади, охотясь в Мойынқуме, Бетпақдале, Сарыарке. С мая по июнь он проживал с семьей у подножий гор Мунлы-Кулы вдоль реки Коктас. От песков Жетықоныр на западе до горы Болаттау на востоке, от реки Шу (Чу) на юге до реки Сарысу на севере – всюду охотник встречал людей, прибывших сюда для охоты или поисков себя.

Сәбит Мұқанов 1956 жылы Бетпақдалада болғанда жергілікті адамдардан 1955-1956 жылдары өрістегі малдарға шауып маза бермейтіндіктен атақты аңшы Рамазан 100-ден аса қасқыр атып алғанын естігенін жазады.

Жазушы сонымен бірге Кәрім Мыңбаевтан Бетпақдалада құралайды көзге атқан Бегалин Байқадам атты қарт аңшымен де бірге жүргенін естіпті. Ол аңшының мергендігі тіпті керемет екен. Аспандағы бозторғайды шиті мылтықтың жалғыз оғымен атып түсіреді. Кәрім Мыңбаев осы аңшымен экспедиция кезінде жақсы араласқан екен. Ғалым аңшымен өлердей дос болғанын, сағынып жүретінін айтады екен.

Осылайша Кәрім Мыңбаев республика аумағының тура ортасында, ешқандай кәдеге жарамай бос жатқан орасан үлкен аймақ Бетпақдала шөлін игеріп халықтың игілігіне айналдыру жолындағы жұмыстарға құлшына кіріседі.

Кәрім Мыңбаев оқып, іздене келе Бетпақдаланың астында судың мол қоры бар екенін білген, соны құдықтар арқылы сыртқа шығарып, жер суландыруға пайдалану керек деп түйіндейді.

2006 жылы 6 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде атақты жазушы Шерхан Мұртазаның «Бетпақдаланы Жаннатдалаға айнадыруды армандаған Кәрім Мыңбаев» деген мақаласында Кәрімнің арманын іске асыру жолындағы қажымас күресін жақсы суреттейді.

Кәрім Мыңбаев Бетпақдалаға барар жолда Мойынқұмды да зерттеп өткенін жоғарыда айттық. *Мойынқұмның* көлемі 59,3 млн. шаршы шақырым. Мойынқұм ауданының ауа райы әртүрлі, Мойынқұмның құмы, Шу бойының әрқайсысында өзгешеліктері көп. Қыстың 40 градус аязы мен желінен бастап, жазғы 40 градус аптап ыстығы, ортасында Шу бойының қоңыр салқыны, шегедей қатып қалған тақырлары, ойдым-ойдым жер алып жатқан сор құмы, көкмайсалы шалғыны, ну қамыс, ағаштары аралас орманы, тарыдай

шашылып жатқан аң-құстың мекенді көлдері, ең қажеттісі адамдарды қызықтыратын таза ауасы. Мойынқұмда арқар, құлан, киік, қарақұйрық, елік, қоян, жыртқыштардан-қасқыр, шибөрі, борсық, қабан, түлкі, құстардан-дуадақ, кекілік, шіл, бөдене, қырғауыл, қарақұс, ителгі, лашын мекендейді. Жыл құстары: үйрек, қаз, қасқалдақ, аққу, бірқазан, бұлдырық, тырна, көкқұтан, шағалалардың жаздық мекені болып саналады. Көлдері сазан, лақа, шортан, аққайран, торта балықтары мен неше түрлі су жәндіктеріне бай.

Шерхан Мұртазаның айтуынша Мойынқұмда сексеуілдің арасында сан түрлі өсімдіктің ішінде «сұңғыла» дейтіні болады. Соңғы жылдары сол сұңғылаға қытайлар қызығулышық танытқан көрінеді. Жергілікті адамдарға аздаған ақысын төлеп, сұңғыла тамырын жинатады екен. Сөйтіп оны өз еліне жеткізген соң өте құнды дәрі шығарады екен.

Адамдардың қазіргі заман талабының ыңғайына орай табиғи ортаны өз қолымен өзгертіп, кей жағдайда жойып жатқаны қазір ешкімге жаңалық емес.

Осы арада қытай жазушысы, Нобель сыйлығының иегері (2012 жыл) Мо Яньның қазіргі заман өзгерісі мен қоғамның дамуы туралы мына пікірі ойға оралады.

«Бүгінгі өмірдің ағысына ілесе алар емеспін. Абыр-сабыр күндердің қарбаластыққа толы сәттері жанымды алқындыра береді. Өз басым «сонша тез даму керек пе?» - деп ойлаймын. Біздің қоғамның адам таңғаларлықтай жоғары қарқынды өркендеуге бет алуы-табиғи үрдістің тас-талқанын шығарды. Адамдар бойындағы асыл құндылықтардан айрыла бастады. Осы заманның озық технологиясы мен ең жаңа ғылыми әдістері арқылы өндірілген өсімдіктердің дәмінің қалай екенін сезіне алмайсың. Кондиционер жоқ кезде ыстыққа төзе алмайтын адамдардың саны қазіргіден әлдеқайда аз болатын. Ауылда самаладай самсыған электр шамы жоқ кезде алыстан, не жақыннан көре алмайтындар қазіргідей көп емес еді. Біз бар дүниеге «бай-бақуатты болып келеміз» - деп жар салғанымызбен, «ит басына іркіт төгілген» аса молшылықтың неден айырғанын түйсінуіміз керек. Тойымсыз қоғамды тоғышарлық билейді. Бұл дүниенің бізге тиесілі еншісінің біраз бөлігі ертеңгі ұрпақтың игілігіне қалуы керек».

Шерхан Мұртаза өмірден ерте кеткен талантты жас ақын Бауыржан Үсеновтың «Бетпақдала қырғыны» балладасынан жерде машинамен, аспанда тікұшақпен қуып ақбөкендерді қынадай қырғандарды екі аяқты қасқырларға теңеп, тебірене отырып ақынның өлең шумақтарын есіне алады.

Үрейден Бетбақ дала жұлды шашын,  
Жел тұрды солқылдаған құмды шашып.  
Жаралы жалғыз қалған текті теке,  
Құламай арт жағына бұрды басын.

Өр сезім мүмкін оны ырыққа алды,  
Құламай қалт-құлт етіп тұрып қалды.  
Адамдар қуып жеткен, оқ шығармай,

Мылтықтың дүміменен ұрып алды.

Пенделер, көздерінді құйын басқыр,  
Тоймасаң, тағы қырғын ұйымдастыр.  
Бес бірдей құралайды қанағат қып,  
Қап қойған сері екен ғой үйір қасқыр.

Болмадың қасқыр ғұрлы өр тоятты,  
Басыңа ойнатар ма еді сол таяқты?  
Бұл сөзді теке бірақ айта алмады,  
Серпіді құлап түсіп төрт аяқты.

Қырғынға куә болып, құм жылады.  
Аспанда Ай да жылап, қынжылады.  
Қасқыр да ішін тартты бұл сұмдыққа,  
Пана етіп ұйықтап жатқан бір жыраны...

Шіркін, табиғат, аңдарды қорғау мекемелері Бауыржан Үсенов өлеңдерін білсе ғой, кеңсе қабырғаларына, маңдайшасына жалаулата іліп қойса ғой...», - деп шамырқанады Халық жазушысы.

Мойынқұм табиғаты жағынан ғана емес, тарихы жағынан да ерекше. Шежіреге бай, аңыздар мен әңгімелерге арқауы мол қасиетті жер. Тарихшылардың пайымдауынша өңірдің Шу-Талас өзендері бойында бір-екі мың жыл бұрын ірі көлемде отырықшы ел болған.

Орта ғасырларда Қазақ хандығы осы Мойынқұм жерінде бастау алған. 1465 жылы Керей мен Жәнібек сұлтандар бір түмен елімен, төрт түлік малымен қопарыла көшіп, Шу бойындағы Мойынқұмда қыстап, Қозыбасының Тұлпарсаз жайлауында Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлап, өздерін қазақ деп атаған.

Хан сайлауы кезінде ел жабыла қозы сойып топтанып етін жейді, бас сүйектерін бір жерге жинайды. Сөйтіп бас көп үйілген жерді Қозыбасы деп атаған. Мұхамед Хайдар Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» еңбегінде Керейдің хан сайлауы Шу бойы, Қозыбасы, Тұлпарсаз қыстауы Мойынқұм құмы деп көрсеткен. Бұл атаулардың барлығы қазіргі Мойынқұм жерінде. Қозыбасы Шу бойында, Жамбыл тауы баурайындағы үлкен алаң. Ортасында Қозыбасы шоқысы. Төменгі жағында, 10-15 шақырымдай жерде Шу өзенінің арнасы, оның бойында ұзындығы 15-20 шақырымдай аумақты алып жатқан Тұлпарсаз жайлауы бар.

1998 жылы атақты жазушы, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев, көрнекті тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаев, археолог-ғалым Карл Байпақов бастаған ғалымдар тарихи орындарды аралап көріп, Қозыбасы шоқысына шығып, Мұхамед Хайдар Дулатидың көрсеткен Қозыбасы осы болуы керек деген ортақ пікірге келген.

Мойынқұм қазаққа ғана құт мекен болып қоймай кеңестік кезеңде республикаға күштеп көшірілген өзге ұлт өкілдеріне де пана болды.



Жер ауып келген Александр Солженицын төрт жыл бойы Мойынқұмды мекендеді. Қазақтың суын ішіп, нанын жеді, құрметін көрді. Бірақ кейін су ішкен құдығына түкіріп алжасты, жанын сақтаған Қазақ еліне қарсы топырақ шашты.

Дәл осындай жағдаймен келген Кеңес өкіметін құрушы В.И. Лениннің оққағары, латыш атқыштарының бірі болған Вилис Кристин, өле-өлгенше қазақтарға риза болып кетті. Мүрдесі де өмірден өткен соң Бірлік ауылында жай тапты.

Мойынқұммен жалғасып жатқан Бетпақдала шөлі де талай тарихи оқиғалардың куәсі болған аймақ. Әріге бармай-ақ XVIII ғасырдың бір ғана оқиғасының өзі бұл өңірде талай тарихи оқиға болғанына көз жеткізеді.

1756 жылы Жоңғар ханы Әмірсананы ұстаймыз деген сылтаумен, Қытайдың 40 мың әскері екі тараптан келіп қазақ жеріне басып кіргені белгілі. Дардана және Хадаха деген екі қолбасшының бірі Іле өзенін жағалап, екіншісі «Жоңғар қақпасынан» өтеді. Қазақ тарихына қатысты тарихи романдар жазып жүрген танымал жазушы Қабдеш Жұмаділовтың айтуына қарағанда зеңбірек, мылтықпен қаруланған әскерді бетпе-бет шайқаста жеңу мүмкін еместігін ескеріп, Абылай мынадай айлаға көшеді. «Қытайдың екі әскері Балқашта түйісіп, Арқаға бет алғанда Абылай Әмірсананы ертіп алып, оларды Бетпақдалаға бастайды. Ара-тұра Әмірсананы бір көрсетіп қойып, қытай әскерін соңдарынан ертіп, әбден шаршатады. Шөлге ұрындырады, мініс аттарын қуып кетіп, жаяу қалдырады. Әбден әлсіреген, ашыққан қытай әскері бітім сұрауға мәжбүр болады. Ақырында мамыр айында келген әскер қыркүйектің аяғында қақ жарымынан айрылып, елдеріне қайтады. Қалған 20 мыңдай әскер бір-біріне мінгесіп-ұшқасып, қазан айында Құлжаға әрең жеткен».

Ал осы өңірдің тарихына қатысты ежелгі деректерді Кәрімнің естіп білуі мүмкін еді. Ғалым өңір тарихын жақсы білді деп айту артық болар. Өйткені Отандық тарих ғылымында кейінгі онжылдықтарда ғана осы аймақтардың ежелгі тарихы ашыла бастады. Дегенмен ел, жер тарихына жастайынан құмар болып өскен Кәрім экспедиция кезінде осы аймақтардың материалдық және рухани мұраларына қатысты деректерді назардан тыс қалдырмауға ұмтылды.

Бетпақдалаға қатысты ел аузында аңыз әңгімелер кездеседі. Кәрім Мыңбаев осы аймақтарға байланысты аңыз-әңгімелерді жергілікті көнекөз қариялардан естуі әбден ықтимал еді. Осы қатыгез далаға қатысты бір аңыздың желісі мынадай еді.

Есте жоқ ескі заманда Арқа елін шауып, тонаған заттарын аттар мен түйелерге теңдеп, тұтқындарын көгендегеп қалың әскер Бетпақдала шөлі арқылы еліне беттейді. Қалың қол апталап жүреді, адасады. Шөл қысқан қалжыраған әскер бір үлкен құдықтың түбіне келіп тоқтайды. Құдық көміліп қалған екен. Жасақтың басшысы қатал да, қатыгез қаба сақал сарбаздарына құдықты аршуды бұйырады. Екі күн қазғанда барып құдықтан су шығады. Бірақ сол мезетте құдық опырылып, шыңырау пайда болып аршыған адамдармен бірге шыңырауға жұтылып кетеді. Шыңырауға қауға салып су

тарту үшін 40 түйедегі жүк артқан қырық арқанды жалғағанымен түбіне жетпейді. Енді аттардың шылбырын, айыл-тартпаларын, жал-құйрықтарын күзеп жалғайды, бәрібір суға жете алмайды. Амалы таусылған қолбасшыға бір ақылгөйі тұтқындардың аяқ-қолдарындағы сіңірлерін кесіп алып жалғауды ұсынады. Қолбасшының жантүршігерлік әмірін естігенде сарбаздардың өздері шошынып, тұтқын біткен өмірлерімен қоштасып күңірене бастайды.

Сол кезде тұтқындағы 40 қыздың басшысы, хан қызы Қырмызы қаһарлы қолбасшыдан сауға сұрайды. Қырық қыздың бұрымын кесіп, арқан өріп қауғаға жалғауды өтінеді. Сөйтіп ақылды қыз ажалдан қалың елді аман алып қалыпты.

Кәрім Мыңбаевтың «Бетпақдала шөлі» атты кітабы негізінен табиғи-климаттық, яғни ауылшаруашылығы саласы ғылымы бағытында болғанымен тарихи-мәдени ескерткіштер туралы фотосуреттер қосып, кейде сипаттамасын береді. Қазақтардың өткен көшпелі, отырықшы тұрмысына қатысты тарихи-этнографиялық материалдар да кездеседі. Кітапта Сарыарқа даласын ертеден арғын, найман, тама рулары жазғы жайлау ретінде пайдаланғаны айтылады. Бетпақдалада кездесетін Шажағай өзені бойындағы және Тұрым деп аталатын көне кесенелердің фотосуреттерін береді.

Ал енді Кәрім Мыңбаев зерттеген Бетпақдала туралы анықтамалық материалдарға жүгінсек мынадай мәлімет аламыз.

**Бетпақдала** - Сарыарқаның оңтүстік бөлігіндегі шөлейтті өңір. Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында орналасқан. Батысында Сарысу өзенінің төменгі ағысымен, шығысында Балқаш көлімен, оңтүстігінде Шу өзені аңғарымен, солтүстігінде Сарыарқамен шектеседі. Батыстан шығысқа қарай 500 км, солтүстіктен оңтүстікке қарай 300 км аумаққа созылған.

Ауданы 75 мың шақырым шамасында. Бетпақдала үстіртті шөлінің орташа абсолюттік биіктігі 300-350 м. Абсолюттік биіктігі 200-300 метрдей болатын көлемді оңтүстік-батыс бөлігі жазық, ал абсолюттік биіктігі 400-700 метрдей солтүстік-шығыс бөлігі қыратты. Палеозой эрасының тау жыныстары (гранит, порфирит, әктас) тереңде жатыр, бетін мезозой мен палеоген кезеңінің шөгінді жыныстары (құмтас, саз, малтатас, құм) жапқан.

Ең биік жері - Жамбыл тауы (974 метр). Бұл бөлік Сарыарқаның каледондық құрылымының жалғасы. Сай-жыралармен тілімденген Бетпақдала жазығында сор, тақыр және жазда құрғап қалатын тұзды көлдер кездеседі. Көктемде жауын суымен толығып, жазда құрғақ арнаға айналатын Қарқаралы, Қарасу, Талдыеспе сияқты кішігірім өзендер бар.

По словам очевидцев, в темной ночи и густом тумане, окутывающем окрестности, он мог без компаса ориентироваться лишь по траве. Он был и географом, и следопытом, и заметателем следов, прекрасно знал этот край, в совершенстве владел методами выживания в степи и пустыне. Поэтому в



услугах и помощи Рамазана мергена были заинтересованы многие. В свое время он был гидом и для Каныша Сатпаева.

Рамазан мерген достаточно часто был проводником в геологоразведочных экспедициях, организованных из Москвы, Ленинграда и Ташкента, показывал Бетпакдалу гидрологу Яковлеву и Мынбаеву. Среди гор, в степных оврагах, расположенных между Балхашом и Жезказганом, они много раз встречались с Каримом Мынбаевым, наслаждаясь едой из походного казана.

Сабит Муканов пишет, что, находясь в Бетпакдале в 1956 году, слышал от местных жителей, что в 1955-1956 годах известный охотник Рамазан отстрелил более ста волков, нападавших на скот на пастбищах.

Писатель узнал от Карима Мынбаева, что в Бетпакдале его сопровождал и другой невероятно меткий стрелок, старый охотник Байкадам Бегалин. Его снайперские навыки были поразительны – он мог убить воробья в небе одним выстрелом. Карим Мынбаев тесно общался с ним во время экспедиции. Ученый рассказывал, что с охотником его связывала хорошая дружба.

Таким образом, Карим Мынбаев энергично приступает к работе по изучению пустыни Бетпакдала – этой огромной местности, находящейся в самом центре республики, которую он абсолютно бескорыстно хотел сделать землей, служащей во благо народу.

Мы уже говорили выше, что Карим Мынбаев на пути в Бетпакдалу изучал и Мойынкум. Площадь этой пустыни составляет 37,5 тысячи квадратных километров. Погода в Мойынкумском районе бывает разная – от зимних 40-градусных морозов с ветрами до 40-градусного летнего зноя. При этом погода в песках Мойынкума и вдоль различных участков реки Шу сильно различается. А посреди всего этого приятная прохлада в поречье Шу, промерзшая голая земля, местами покрывающие землю солончаки, зеленые луга, густые заросли камыша, смешанный лес, разбросанные вокруг, заселенные зверьми и птицами озера, манящий людей свежий воздух. В Мойынкуме обитают архары, куланы, сайгаки, джейраны, косули, зайцы; из хищников – волки, шакалы, барсуки, кабаны, лисы; из птиц – дрофы, куропатки, перепела, фазаны, ястребы, сапсаны. Есть перелетные птицы – утки, гуси, лебеди, пеликаны, журавли, цапли, чайки. В озерах водятся сазаны, сомы, щуки, вобла, плотва, различные водные насекомые.

По словам Шерхана Муртазы, в разнообразной мойынкумской флоре встречается такое растение-сорняк, как зарази́ха, которое также называют волчком. В последние годы к нему большой интерес проявляют китайцы, покупая его корни за небольшие деньги у местных жителей. В Китае из них производят ценные лекарства.

Ни для кого не секрет, что в современных условиях человек влияет на окружающую среду, нередко разрушая ее. В этой связи вспоминается мнение китайского писателя, лауреата Нобелевской премии по литературе (2012 г.) Мо Яня: «Я не могу поспеть за течением современной жизни. Полные суеты дни беспокоят мою душу. Я задаюсь вопросом, нужно ли так быстрое

развитие? Невиданный прогресс человечества нарушил естественный ход событий. Сегодня невозможно насладиться настоящим вкусом еды, потому что она приготовлена из продуктов, выращенных благодаря передовым технологиям и новейшим научным достижениям. Людей, которые могли переносить жару без кондиционера, раньше было намного больше, чем сейчас. Когда в селе не было электричества, дальнзорких и близоруких было гораздо меньше, чем сегодня. Мы должны понимать, чего нас лишило изобилие. Чрезмерное потребление общества всегда ведет к власти мещанства. Часть того, что принадлежит нам в этом мире, должна остаться завтрашним поколениям».

Шерхан Муртаза с волнением вспоминал строки талантливого, рано ушедшего из жизни поэта Бауыржана Усенова из баллады «Бетпакдалинская резня», описывающие как «двуногие волки» безжалостно истребляли сайгаков и на земле, и с воздуха. «Вот бы в учреждениях по защите природы и животных знали бы стихотворения Бауыржана Усенова, повесили бы их там на стенах, написали бы на лбах...», – сокрушался народный писатель.

Мойынкум уникален не только своей природой, но и историей. Это сакральное место с уходящей в древность летописью, о нем сложено много сказаний. Историки считают, что побережье рек Шу и Талас примерно одну-две тысячи лет назад занимал крупный оседлый народ.

В средние века именно в Мойынкуме было образовано Казахское ханство. В 1465 году сюда откочевали султаны Керей и Жанибек во главе последовавших за ними родов. Они перезимовали в Мойынкуме у реки Шу. В местности Козыбасы на жайлау Тулпарсаз Керей вознесли на белой кошме, провозгласив ханом.

Во время выборов хана было принято забивать ягнят и собирать их черепа в одно место. Вот почему это место прозвали «Козыбасы» (*каз. «Қозыбасы» – «Головы ягнят»*). В своем труде «Тарих-и Рашиди» Мухамед Хайдар Дулати писал, что избрание хана Керей прошло в Козыбасы на зимовке Тулпарсаз в мойынкумских песках. Все эти топонимы принадлежат Мойынкумской земле. Козыбасы – большая поляна у подножья горы Жамбыл у реки Шу. В центре – сопка Козыбасы. Внизу, примерно в 10-15 километрах, находится русло реки Шу, вдоль которого есть пастбище Тулпарсаз площадью около 15-20 квадратных километров.

В 1998 году группа ученых во главе с известным писателем государственным деятелем Абишем Кекильбаевым, видным историком Манашем Козыбаевым и археологом Карлом Байпаковым посетила исторические места, побывала на сопке Козыбасы и пришла к общему мнению, что именно здесь расположена местность Козыбасы, о которой писал Мухамед Хайдар Дулати.

Мойынкум не только был благодатной землей для казахов, но и стал пристанищем для представителей других национальностей, принудительно переселенных в республику в советские годы.

Сосланный в Мойынкум Александр Солженицын прожил здесь четыре года. Он в полной мере ощутил гостеприимство казахов, однако позже

выступил против нашего народа, буквально говоря, плюнул в колодец, из которого когда-то пил.

В схожих обстоятельствах здесь жил Вилис Кристин – телохранитель В. Ленина, один из латышских стрелков. Но он до конца своих дней с уважением относился к казахам. Его даже похоронили в селе Бирлик Мойынкумского района Жамбылской области.

Пустыня Бетпакдала, которую продолжают пески Мойынкум, является свидетелем многих исторических событий. Показателен в этом плане XVIII век.

В 1756 году под предлогом задержания джунгарского хана Амирсаны на казахскую землю с двух направлений вторглось 40-тысячное китайское войско во главе с полководцами Дарданом и Хадахом, один из которых прошел вдоль реки Или, а другой – через Джунгарские ворота.

Автор романов о казахской истории, известный писатель Кабдеш Жумадилов рассказывает о хитрости, к которой прибегнул военачальник Абылай, хорошо понимавший, что в очной битве не сможет противостоять армии, вооруженной пушками и винтовками:

«Когда два китайских войска сошлись на Балхаше и направились в Сарыарку, Абылай повел Амирсану в Бетпакдалу. Периодически показывая его, он увлек китайцев за собой, завел их в пустыню, угнал лошадей и оставил их пешими. Ослабленное и голодное китайское войско вынуждено было просить перемирия. В итоге прибывшее в мае войско вернулось обратно только в конце сентября, потеряв половину воинов. Выжившие 20 тысяч китайцев добрались до Кульджи лишь в октябре».

Карим мог что-то слышать об этих событиях. Нельзя сказать, что он хорошо знал историю Бетпакдалы, поскольку она стала всесторонне и глубоко изучаться отечественной наукой только в последующие десятилетия. Но Карим всегда был увлечен историей и во время экспедиций старался не оставлять без внимания сведения о материальном и духовном наследии этого региона.

Существуют разные народные легенды, связанные с Бетпакдалой. И вполне возможно, что Карим слышал их от местных старожилов. Вот одна из них:

«В незапамятные времена большое войско разорило Сарыарку и, водрузив награбленное на лошадей и верблюдов, захватив пленников, пробиралось через Бетпакдалу. Неделями оно блуждало по пустыне. Однажды измученное войско подошло к большому колодцу. Но он оказался закопан. Командир отряда приказал своим жестоким и безжалостным бородатым воинам откопать колодец. Два дня они копали и, наконец, добрались до воды. Но тотчас колодец обрушился и образовалась пропасть, которая поглотила копателей. Чтобы добыть воду, в нее опустили сорок веревок, которыми связывали сорок верблюдов. Однако достичь дна не удалось. Затем в ход пошли лошадиные поводья и уздечки, и все равно до воды было еще далеко. Один мудрец посоветовал измученному полководцу перерезать и соединить сухожилия в конечностях узников. Услышав приказ

отчаявшегося полководца, даже сами воины содрогнулись, а пленники стали прощаться с жизнью. И тогда ханская дочь Кырмызы, возглавлявшая 40 пленных девушек, попросила у свирепого военачальника пощады. Она отрезала волосы у 40 девушек и сплела продолжение веревки. Такая находчивость девушки помогла ей спасти свой народ».

Книга Карима Мынбаева «Пустыня Бетпакдала» хоть и посвящена в основном природе и климату, сельскохозяйственной науке, также включает в себя фотографии и описания памятников истории и культуры. Встречаются и историко-этнографические материалы о прошлой кочевой и оседлой жизни казахов. В книге указывается, что степи Сарыарки в качестве летних пастбищ издавна использовались родами аргын, найман и тама. Приводятся фотографии древних мавзолеев Турым вдоль реки Шажагай, встречающихся в Бетпакдале.

Обратившись к справочным материалам о Бетпакдале, которые изучал Карим Мынбаев, мы получаем следующие сведения.

Бетпакдала – пустынный район в южной части Сарыарки. Расположена в Карагандинской, Жамбылской и Южно-Казахстанской областях. Граничит с низовьем реки Сарысу на западе, озером Балхаш на востоке, долиной реки Шу на юге и Сарыаркой на севере. Она протянулась на 500 километров с запада на восток и до 170 километров с севера на юг.

Площадь пустыни составляет около 75 тысяч квадратных километров. Средняя абсолютная высота пустыни плато Бетпакдала составляет 300-350 метров. Юго-западная часть равнинная с абсолютной высотой 200-300 метров, северо-восточная – холмистая с абсолютной высотой 400-700 метров. Горные породы эры палеозоя (*гранит, порфирит, известняк*) залегают глубоко, поверхность покрыта осадочными породами мезозоя и палеогена (*песчаник, глина, гравий, песок*).

Самая высокая точка – гора Жамбыл (*974 метра*). Эта часть является продолжением каледонской структуры Сарыарки. На равнинах Бетпакдалы, усеянных оврагами, встречаются солончаковые, безжизненные соленые озера, пересыхающие летом. Имеются небольшие реки, такие как Каркаралы, Карасу, Талдыеспе, которые весной наполняются дождевой водой, а летом высыхают.



**Кәрім Мыңбаев Бетпақдала экспедиция мүшелерімен бірге**

**Карим Мынбаев и члены экспедиции в Бетпақдалу на сеансе радиосвязи**

*Климаты тым континенттік. Жазы ыстық, құрғақ, қысы суық. Қаңтарда ауаның орташа температурасы -12-14 градус, шілдеде 24-26 градус. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 100-150 мм. Қардың қалыңдығы 10-15 см-ден аспайды. Тұрақты су көздері болмағанымен, жер асты (артезиан) суының қоры мол. Жайылымдар тереңдігі 10-30 метр артезиан құдықтарымен суландырылады. Бетпақдаланың топырағы қоңыр, сұрғылт қоңыр. Солтүстігінде жусан басым, шығысындағы шоқылы таулардың тастақты шөлдерінде баялыш, эфедра, тасбұйырғын, орталығы мен батысындағы саздақты жерлерде жусан мен баялыш, оңтүстігіндегі Шу өзені маңындағы құмды төбелер мен қырқаларда сексеуіл, теріскен, еркекшөп, құрғақ арналарын бойлай жыңғыл, тораңғы өседі. Солтүстік-шығысындағы таулы қыраттарда арқар, елік, қасқыр, түлкі; жазықта ақбөкен, алақоржын, саршұнақ, аламан, жылан, кесіртке, дуадақ, құр мекендейді. Бетпақдала - көктемгі және күзгі мал жайылымы. Сарыарқаның оңтүстігі мен Бетпақдала фаунасын сақтау мақсатында қорықшалар (Андасай, т.б.) ұйымдастырылған. Бетпақдала фаунасын сақтау мақсатында ауданы 25 гектар Бетпақдала заказнигі ұйымдастырылған.*

